

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Б.С. Ізмұхамбетовке**

*2020 жылғы 27 ақпандағы № ДС-63*

**Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!**

Сіздің Атырау облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау мәселесіне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

АШТӨ-ге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау республикалық бюджеттен облыстардың жергілікті бюджетіне жалпы сипаттағы трансферттермен берілді. 2019 – 2020 жылдары Атырау облысының жергілікті бюджетіне су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға 171,57 млн. теңге бөлінді, оның ішінде: 2019 жылы – 107,299 млн. теңге, 2020 жылы – 64,271 млн. теңге.

Қазіргі кезде Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының (табиғи-климаттық жағдайларға байланысты) көлтабандарында өсірілетін көпжылдық шөптерді суару үшін су көтеруді субсидиялау бөлігінде Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – жоба) өзгеріс енгізу бөлігінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығының жобасын мүдделі мемлекеттік органдар қарауда. Көлтабандарда өсірілетін көпжылдық шөптерді суаруды жүзеге асыратын АШТӨ субсидиялау жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін алуы мүмкін болады.

Бұл ретте АШТӨ 2019 жылы тұтынған суы үшін шығындарын өтеу бюджет қаражатын бөлудің заңамалық негізінің болмауына байланысты мүмкін емес.

Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық мал басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы

№108 бұрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының аясында жүзеге асырылатынын қосымша хабарлаймыз.

**А. Мамин**